

**Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебіндегі
Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №3**

Көкдөнен ауылы

«27» қыркүйек 2020 жыл

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде :

1. Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебі директорының Қамқоршылық кеңесі алдындағы есебі. *Баяндамашы : мектеп директоры А.А.Касеналиева.*

1.1.Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Касеналиева 2019-2020 оқу жылындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебіндегі атқарылған жұмыстары туралы есебін беріп, таныстырды. 2019-2020 жылы оқушылар саны – 422, ұлы – 204, қызы – 213. бастауыш сатыда – 160 оқушы, ұлы – 84, қызы – 76. Негізгі сатыда – 236 оқушы, ұлы – 117, қызы – 119, жоғарғы буында – 48 оқушы, ұлы – 22, қызы – 26. даярлық сыныпта – 53 оқушы. Ерекше назарды қажет ететін – 7 оқушы. Мектепте бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған: әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары -75, 1 сыныпта - 40 бала. Көп балалы отбасы саны - 61, ондағы бала саны-296. Толық емес отбасы саны-19, ондағы бала саны-10. Аз қамтылған отбасы саны-, ондағы бала саны-75. Ата-анасы (екеуі де) мүлдем жұмыс істемейтін отбасы жоқ. Туыстарымен бірге тұратын бала саны-1, қамқоршылыққа алған бала саны-1. Мүгедектігі бар бала саны -3, құжаттандырылмаған балалар жоқ. Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 бабында «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті делінген». Көкдөнен ауылдық аймақ 22 мөлтек ауданға бөлінген және 0-18 арасында - 684 бала, 0-6 аралығындағы бала саны – 264, 7-18 аралығындағы бала саны – 420, бала бақшаға қамтылған балалар саны – 101, 89 - бала үйде тәрбиеленеді. Жаңа педагогикалық технологиялардың, оқу – тәрбие үрдісінің негізін тапқан мұғалімдердің әр түрлі ғылыми – практикалық семинарлардың қорытындысын, теориялық және практикалық материалдарын есепке ала отырып, жеке тақырыптар бойынша іздену, байқау негізін диагностикалық әдіс арқылы педагогикалық ұжым ерекшелігін анықтау мәселесі де жүйелі жолға қойылған. Ағымдағы оқу жылында сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында - 58 мұғалім жұмыс істейді. 54 мұғалімі - жоғары білімді, 4-уі арнаулы орта білімді, 11- мұғалім педагог-зерттеуші, 7-мұғалім жоғары санатты, 17 – мұғалім педагог-сарапшы, 5 мұғалім - I санатты, 3 мұғалім – педагог-модератор, 3 мұғалім – II санатты, 47 мұғалім жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өтіп, сертификаттарын алды. Сапалық құрамы – 72% құрайды. Білім сапасын қамтамасыз етуде кадр тапшылығы жоқ өткен оқу жылында тарих пәні бойынша «Ең үздік сабақ» облыстық байқауында А.Тоғызбаева III орынды иеленді. Республикалық «Педагогикалық оқулар» байқауында физика пәнінің мұғалімі Н.Серікова өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, Алғыс хатпен марапатталды. Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі А.Айымбеков Облыстық жарыста үздік деп танылып, республикалық байқауда Алғыс хатпен марапатталды. Тарих пәнінің мұғалімі Д.Өмірбаева облыстық «Ең үздік авторлық бағдарламалар» байқауында III орынды иеленді. Мұғалімдердің жұмыс деңгейі жан-жақты сарапталып анықталады. Педагогикалық технологияларды қолданылуы, оқушыларды олимпиада мен ғылыми жоба жарыстарына қатыстыруы өз тәжірибесін жинақтауы, оқушылардың білім сапасы, сабақ беру жүйесі сараланады. Осы жүйе бойынша мұғалімдердің рейтингісіне сараптама жасасак:

Деңгейлі Оқу жылы	Оптималды	Мүмкін	Кризистік
2018-2019	26	31	
2019-2020	31	27	

2019 - 2020 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен «Мәңгілік Ел» Жалпы ұлттық

идеясының бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Шаңырақ» жобасының кейбір элементтерін, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып жұмыс жасалынды. Патриотизмге байланысты жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде өткізілді. Аудандық және мектеп ішілік есепте тұрған оқушы жоқ. Болашақта «Шаңырақ жобасының» элементтерін пайдалана отырып оқушыларды патриотизмге және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жандандырылды. Әдептілік әдемілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет және басқа тақырыптарда кездесулер пікір таластар өткізілді. Алдыдағы уақытта «Tulekter. gz» сайтымен жұмысы жандандырылды. «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз», «Ер бала - абыройлы әке», «Желтоқсанда үзілген жауқазындар» тақырыбында желтоқсан оқиғасына қатысушы және 1991 жылғы туылған азаматтармен кездесулер пікірлесулер өткізілді. Отбасылық тәрбие саласы бойынша жоспар жасалынып, жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді және «Парасатты отбасы» «Толағай» сияқты байқауларға қатысып жүлделі орындар алу және психологтар «Ата –аналар өмірдің айнасы» тақырыбында пікір алмасты. Ата –аналар жиналысы өткізіп үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Экономика, экология байланысты пікір алмасу, әңгіме, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көгалдандыру жұмыстары өз уақытында жүргізілді. «Кітап және ғалам тор» тақырыбында дебат, ХХІ ғасыр көшбасшы зияткерлік ойыны «Математика таң ғажайыптар алаңы» тақырыбында ойындар өткізілді. Кек ұйымдастырылған ойындар өз уақытында өткізілмеді. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп аудандық, облыстық байқауларынан, республикалық байқаудан жүлдегер болған оқушыларымыз бар. Оқушыларымыз спорт саласы бойынша аудандық, облыстық, республикалық байқауларынан жүлдегер. Ішімдікке, Темекіге тағы басқа зиянды әдеттерге үйір оқушылар жоқ. Болашақта оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған (домбыра, би, дойбы т.б) үйірмелер санын арттырамыз.

Сонымен қатар биылғы жылдың қаңтар айынан бастап аудандық бюджеттен берілген заттарға тоқтала кетті. Олар :

№	Атауы	Өлшем бірлігі	саны	бағасы	Сомасы
1	Растворитель дог.№132 03.06.2020ж.	л	20	446-42	8928-40
2	Ак щетка дог.№134 03.06.2020ж.	дана	10	357-14	3571-40
3	Краска щетка	дана	10	223-21	2232-10
4	Валик	дана	10	312-50	3125-00
5	Цемент	кг	600	24-50	14700-00
6	Гипсополимер	кг	150	31-00	4650-00
7	Ведро (для воды,оцинкованное,вместимостью 10л) дог.№133 03.06.2020ж.	дана	10	714-28	7142-80
8	Антисептикалық құрал 400 мл	дана	16	1600-00	25600-00
9	Медициналық перчаткалар	дана	50	130-00	6500-00
10	Ақ краска	кг	150	376-00	56400-00
11	Қызыл краска	кг	10	425-00	4250-00
12	Жасыл краска	кг	10	425-00	4250-00
13	Сары краска	кг	8	425-00	4250-00
14	Водоземля (ішке)	кг	150	80-00	28000-00
15	Әк	кг	50	75-00	3750-00
16	Белизна	дана	15	267-00	4005-00
17	Порошок	дана	15	267-00	4005-00
18	Шаруашылық сабын	дана	50	132-00	6600-00
19	Ветошь	метр	15	357-00	5355-00
20	Перчаткалар	дана	25	267-00	6675-00
21	Гипохлорид	кг	8	982-00	7856-00
22	Ақ қағаз	пачка	50	1316-00	65800-00
	Барлығы				341923,70

Жоғарыда аталған мүліктердің тиісті орындарға жұмсалғандағы жайлы есеп берілді сондай ақ, мектептің 20 жылдық түлектерінің демеушілік есебінен 100 000 теңгеге мектеп алдындағы гүлзар қоршалса, ал мектептің оң қанаты жағы ауласына мектебіміздің ардагер ұстазы Дәулеткелді Мырзатаевтың атынан балалары 800 000 теңгеге аллея орнатты.

Оқушылардың қашықтықтан оқытылуына байланысты АББ-нің бұйрығы негізінде мектептің аз қамтылған тұрмыс жағдайы төмен 42 (114 балаға) отбасыға компьютер таратылды. АББ тарапынан берілген компьютерді аз қамтылған көп балалы 11 отбасыға таратылғандығы айтылды.

1.2. Сөйледі:

1.1. Г. Есмурзаева - қамқоршылық кеңес мүшесі: Атқарылып жатқан жұмыстар өте орынды екендігін және де мектеп түлектерінің мектебіне қаражатпен қарайласып демеушілік жасап жатқандығына үлкен алғыс білдіретіндігін айтып өтті.

1.2. Кенебаева К. - қамқоршылық кеңес мүшесі: Бүгінгі мектеп директорының еңбек қанағаттанарлық деп есептейтіндігін және де мектеп түлектерінің жасап жатқан демеушілік жұмыстары ол өздері оқып кеткен, білім мен тәрбие алған мектептеріне деген ризашылығы деп есептеді және де осы мектеп пен оқушы түлек арасындағы байланысты үзбей байланыстырып отыратын мектеп директорына, мектеп демеушілеріне алғысын білдірді.

1.3. Шешімі:

1.1. 2019-2020 оқу жылындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебінің директоры А.А. Касеналиеваның атқарған жұмыстары туралы жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

1.2. Мектептің материалдық техникалық базасын жетілдіру бағытында демеушілер тарту жұмыстары жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

1. Касенова Гүлназ -

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

2. Абдиманов Сапаржан -

3. Темиргалиева Салтанат -

4. Айбусинова Гүлсін -

5. Кенебаева Қулдария Құлтыйевна -

6. Нүсіпбаев Жандос Қуантайұлы -

7. Досымбеков Айсерік Құрманғазыұлы -

8. Сартаев Максат Әсәділдәулы -

9. Есмурзаева Гүлнұр -

